

Арыс қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға әкетуге, кәдеге жаратуға қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 6/35-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 қазанда № 3864 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2017 жылғы 9 ақпандағы № 10/66-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 09.02.2017 № 10/66-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, шығаруға және көмуге тарифтерді есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 10 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12936 тіркелген) сәйкес, Арыс қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Арыс қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімге 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Арыс қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімге 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы
Қалалық мәслихат хатшысы

Ж.Наршабеков
А.Байтанаев

Арыс қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Орташа жылдық жинақталу нормалары, м³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,4
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері	1 орын	0,62
3	Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,69
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,37
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,92
6	Емханалар	1 адам	0,014
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,11
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,3
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	0,95
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы	1 орын	0,43
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1м²	0,03
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,03
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1м²	0,12
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1м²	0,34
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1м²	1,2
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Сауда алаңы 1м²	0,14
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1м²	0,38
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1м²	0,14
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1м²	0,05
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1м²	-
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1м²	0,23

		Жалпы алаңы	
--	--	-------------	--

22	Жағажайлар	1м²	-
23	Дәріханалар	Сауда алаңы 1м²	0,21
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,36
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,95
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,58
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1м²	0,23
29	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1м²	0,5
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау)	1 жұмыс орны	-
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1м²	0,18
32	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1 0 0 0 қатысушы	0,3
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

Арыс қалалық мәслихатының
2016 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 6/35-VI шешіміне
2 қосымша

Арыс қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері

№	Атаулары	Есептік бірлік	Баға теңгемен
1	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге арналған тарифтер		
1.1	Жайлы үйлер	1 тұрғыннан	150
1.2	Жайсыз үйлер	1 тұрғыннан	170
1.3	Заңды тұлғалардан	1 текше метр	1804
2.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер		
2.1	Жеке тұлғалар	1 текше метр	150
		1 тонна	800
2.2	Заңды тұлғалар	1 текше метр	200
		1 тонна	800

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК